



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға
қаржылық есептілік және тәуелсіз аудитордың
аудиторлық қорытындысы

МАЗМҰНЫ

	Бет
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН РАСТАУ	3
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ	4-7
ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:	
2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп	8
2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайда мен залал және басқа жиынтық кіріс туралы есеп	9
2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	10
2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	11
Қаржылық есептілікке ескертпелер	12-53



**«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік**

«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы басшылығының 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін растауы

Тәуелсіз аудиторлардың 4-6-беттерде ұсынылған есебінде қамтылған аудиторлардың міндеттерін сипаттаумен бірге қаралуға тиіс төмендегі мәлімдеме «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлар мен басшылықтың жауапкершілігін ажырату мақсатында жасалды.

Компания басшылығы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және осы күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістерді барлық елеулі аспектілерде анық көрсететін қаржылық есептілікті дайындауға жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық төмендегілерге жауапты:

- бухгалтерлік есептің тиісті принциптерін таңдау және оларды дәйекті қолдану;
- негізделген бағалау мен есептеулерді қолдану;
- ХҚЕС талаптарын сақтау немесе ХҚЕС-тен барлық елеулі ауытқуларды қаржылық есептілікке ескертпелерде ашу;
- мұндай жол беру заңсыз болған жағдайларды қоспағанда, Компания өз қызметін таяу болашақта жалғастырады деген болжамға сүйене отырып, қаржылық есептілікті дайындау.

Басшылық сонымен қатар жауапты:

- Компанияның ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- кез келген сәтте Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдікпен дайындауға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу;
- Компания активтерін қорғау үшін өз құзыреті шегінде шаралар қабылдау;
- алаяқтық және басқа да теріс пайдалану фактілерін анықтау және алдын алу.

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін осы қаржылық есептілікті Компания басшылығы 2023 жылғы 05 шілдеде бекітті.

Компания басшылығының атынан қол қойды және бекітті:

Басқарма төрағасы Р.С. Сұлтанов
(тегі, аты, әкесінің аты)

Аппарат басшысының орынбасары –

Бас бухгалтер И.М. Мұратова
(тегі, аты, әкесінің аты)



(колы)



(колы)





010000, Astana city,
Esil district,
St. Korgalzhynskoe, highway 3
BC «Smart», office 309

010000, город Астана,
район Есиль
ул.Коргалжынское шоссе 3,
БЦ «Smart», оф. 309



«БЕКІТЕМІН»
«Алма Аудит» ЖШС директоры
Д.Т.Байжарасова

2022 жылғы «05» шілде
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
03.08.2020 жыл берген
Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті
жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия № 20011167
алғашқы берілген күні 28.02.2018 ж.

Компанияның құрылтайшысы мен басшылығына

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ескертпемен пікір

Біз 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, пайда мен залал және жиынтық кіріс туралы есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептен және көрсетілген күнге аяқталған кезеңде ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерінің қысқаша шолуын қоса алғанда, қаржылық есептіліктің ескертпелерінен тұратын «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ (бұдан әрі - Компания) қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

«Алма Аудит» ЖШС Nexia International тәуелсіз бухгалтерлік және консалтингтік фирмалардың халықаралық желісінің мүшесі болып табылады. Nexia International өз мүшелерінің кез-келген әрекетін, әрекетсіздігін немесе жауапкершілігін жасағаны үшін жауап бермейді.

Nexia International немесе онымен байланысты шатырлы ұйымдарға мүшелік олар арасындағы серіктестік болып табылмайды және мүшелер басқа мүшелердің әрекетін немесе әрекетсіздігін немесе міндеттемелерін орындағаны үшін жауап бермейді».

Біздің пікірімізше, қорытындымыздың «Ескертпемен пікір білдіру үшін негіздеме» бөлімінде баяндалған мәселенің ықпалын қоспағанда, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХЖЕС) сәйкес Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелерін және көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақшалай қаражаттың қозғалысын сенімді түрде көрсетеді.



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

Ескертпемен пікір білдіру үшін негіздеме

- Біз есепті кезеңнің соңында Компания қорлар мен ұзақ мерзімді активтерге жүргізген түгендеуді бақылаған жоқпыз, осыған байланысты 31.12.2022 жылғы жағдай бойынша олардың санына көз жеткізе алмадық. Қорлар мен ұзақ мерзімді активтерді бағалау Компанияның қаржылық есептілігінің нәтижелеріне әсер ететіндіктен, Компания қызметінің нәтижелеріне түзетулер енгізу қажеттігін анықтау мүмкін емес.
- 31.12.2022 жылғы жағдай бойынша Компанияның контрагенттермен дебиторлық және кредиторлық берешегі бар. Осы берешекке Компания контрагенттермен өзара есеп айырысу бойынша салыстыру актілерін растау үшін толық көлемде ұсына алмады. Демек, сыртқы көздерден берешекті растаудың болмауына байланысты берешек бойынша аудиторлық растау мүмкін емес.

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз біздің қорытындымыздың «Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Компанияға қатысты бойынша бухгалтерлерге арналған Халықаралық Этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексіне (БХЭСК кодексі) сәйкес тәуелсізбіз және БХЭСК кодексіне сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті деп санаймыз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі.

Басшылық көрсетілген қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындауға және дұрыс ұсынуға және басшылық жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалануларды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияны өз қызметін үздіксіз жалғастыруды бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық ұйымды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, Компания қызметінің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде есептілік жасауға жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты болады.

Аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік жоғары сенімділік дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит олар болған кезде әрдайым елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмалау теріс пиғылды әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, елеулі болып саналады.



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз мыналарды орындаймыз:

- жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Жосықсыз іс-әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалаушылықты таппау тәуекелі қате нәтижесінде елеулі бұрмалаушылықты таппау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз іс-әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмаланған ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;

- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;

- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаудың негізділігін және басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;

- басшылықтың Компания қызметінің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде нәтижесінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән тууы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар – жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті емес болып табылса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытынды жасағанға дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;

- жалпы қаржылық есептіліктің ұсынылуын бағалауды, ақпараттың ашылуын қоса алғанда, оның құрылымы мен мазмұнын, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынуын бағалауды жүргіземіз;

- қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін қаржылық ақпаратқа немесе Компания ішіндегі қызметке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Біз Компанияның аудитін басқаруға, бақылауға және жүргізуге жауап береміз. Біз аудиторлық пікірімізге толық жауапты боламыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты олардың назарына жеткізе отырып, ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз.

Сонымен бірге, корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтанғанмыз және осы тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде ықпал ететін барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдемені ұсынамыз.



**«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік**

«Алма Аудит» ЖШС

ҚР ҚМ 03.08.2020 жылы берген
Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті
жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия № 20011167
алғашқы берілген күні: 28.02.2018 ж.


Лаура Байжарасова
Қазақстан Республикасының аудитору
2015 жылғы 09 қарашадағы
ҚМ №0000289 сертификаты

А.С. Рамазанова / Аудитордың көмекшісі
Кәсіби бухгалтердің 09.09.2020 жылғы
№001241 сертификаты



А.Ш.Бейсембинова / Аудитордың көмекшісі
Кәсіби бухгалтердің 26.09.2017 жылғы
№ 002688 сертификаты



05.07.2023 ж
(күні)



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік


2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңге)

	<i>Ескертпе</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2021 жылғы 31 желтоқсан</i>
I. Қысқа мерзімді активтер			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	5.1	451 654	587 163
Ағымдағы табыс салығы	5.2	3 052	9 475
Қысқа мерзімді сауда және өзге дебиторлық берешек	5.3	31 177	-
Жалдау бойынша дебиторлық берешек	5.4	2 260	366
Қорлар	5.5	8 491	9 284
Өзге қысқа мерзімді активтер	5.6	6 797	82 103
Қысқа мерзімді активтердің жиыны		503 431	688 391
Сауға арналған активтер (немесе шығу топтары)			
II. Ұзақ мерзімді активтер			
Ұзақ мерзімді сауда және өзге дебиторлық берешек	5.7	-	456 217
Негізгі құралдар	5.8	1 569 949	1 592 020
Материалдық емес активтер	5.9	10 637	16 021
Өзге ұзақ мерзімді активтер	5.10	540	1 603
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны		1 581 126	2 065 861
Активтер жиыны		2 084 557	2 754 252
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қысқа мерзімді сауда және өзге дебиторлық берешек	5.11	3 026	909
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	5.12	38 169	27 972
Қызметкерлерге сыйақы	5.13	4	1 249
Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері		-	-
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	5.14	18 045	5 306
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны		59 244	35 436
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Өзге ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелері			
Ұзақ мерзімді сауда және өзге кредиторлық берешек	5.15	-	261 017
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	5.16	252 382	250 971
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны		252 382	511 988
Міндеттемелер жиыны			
V. Капитал			
Жарғылық капитал	5.17	905 752	905 752
Резервтер		831 938	839 994
Бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын)		35 241	461 082
Капитал жиыны		1 772 931	2 206 828
Міндеттемелер мен капитал жиыны		2 084 557	2 754 252

Компания басшылығының атынан:


 Басқарма Төрағасы
Р.С. Сұлтанов
 2023 жылғы «05» шілде
 М.О.


 Аппарат басшысының орынбасары -
 Бас бухгалтер **И.М. Мұратова**



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңге)

	<i>Ескертпе</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2021 жылғы 31 желтоқсан</i>
Түсім	6.1	1 506 460	1 759 520
Сатыған өнімнің өзіндік құны	6.2	1 248 912	1 530 672
Жалпы пайда		257 548	228 848
Сату бойынша шығыстар		-	-
Әкімшілік шығыстар	6.3	231 548	223 467
Операциялық пайда (залал)		26 000	5 381
Қаржы кірістері	6.4	30 755	37 624
Қаржы шығыстары			
Басқа кірістер	6.5	15 913	23 798
Өзге де шығыстар	6.6	816	2 057
Салық салынғанға дейінгі пайда		71 852	64 746
КТС бойынша шығыстар	6.7	(14 461)	(11 700)
Жалғасатын қызметтен түскен салық салудан кейінгі пайда (залал)		57 391	53 046
Жалғасатын қызметтен түскен салық салудан кейінгі пайда (залал)		-	-
Жыл ішіндегі пайда, жатқызылған:			
өзге де жиынтық кіріс		-	
оның ішінде:			601 772
Негізгі құралдарды қайта бағалау			811 771
Өзге жиынтық кірістің құрамдастарының салықтық әсері			(209 999)
Жалпы жиынтық кіріс		57 391	654 818
Акцияға пайда:		0,06	0,06

Компания басшылығының атынан:



Басқарма Төрағасы
Р.С. Сұлтанов

2023 жылғы 05 шілде
М.О. Туты

Аппарат басшысының орынбасары -
 Бас бухгалтер **И.М. Мұратова**



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша (тікелей әдіс)

(мың теңге)

	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2021 жылғы 31 желтоқсан</i>
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы	1 689 271	2 033 956
оның ішінде:		
тауарлар мен қызметтерді сату	1 663 047	1 188 077
сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	-	796 130
алынған сыйақылар	26 142	31 981
өзге де түсімдер	81	17 768
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы	1 777 385	2 344 234
оның ішінде:		
тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төлемдер	95 806	482 817
тауарлар мен қызметтерді жеткізушілерге берілген аванстар	-	10 865
еңбекке ақы төлеу бойынша төлемдер	937 590	961 999
сыйақыны төлеу		
сақтандыру шарттары бойынша төлемдер	1 301	532
табыс салығы және бюджетке төленетін басқа да төлемдер	289 435	513 234
өзге төлемдер	453 254	374 787
3. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	(88 115)	(310 278)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы	-	-
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы	10 029	16 620
негізгі құралдарды сатып алу	10 029	8 190
материалдық емес активтерді сатып алу	-	8 430
3. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	(10 029)	(16 620)
Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы	-	-
қарыздарды алу		
өзге түсімдер		
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы	37 132	20 994
қарыздарды өтеу		
дивидендтерді төлеу	37 132	20 994
өзгелердің шығуы		
3. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы	(37 132)	(20 994)
4. Теңгеге қарай айырбас бағамдардың әсері	(233)	-
5. Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы	(135 509)	(347 892)
6. Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	587 163	935 055
7. Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	451 654	587 163

Компания басшылығының атынан:



Басқарма Төрағасы
Р.С. Сұлтанов
 2023 жылғы «05» шілде
 М.О.

(Signature)

Аппарат басшысының орынбасары -
 Бас бухгалтер **И.М. Мұратова**



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР
ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңге)

	Жарғылық капитал	Резервтер	Бөлінбеген пайда (залал)	Капитал
2021 жылғы 01 қаңтардағы сальдо	905 752	238 222	416 315	1 560 289
Басқа операциялар			7 305	7 305
Негізгі құралдарды қайта бағалау		601 772	5 410	607 182
Бір жылдағы пайда / шығын			53 046	53 046
Дивидендтерді төлеу			(20 994)	(20 994)
Өзге операциялар				
2021 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	905 752	839 994	461 082	2 206 828
2022 жылғы 01 қаңтардағы сальдо	905 752	839 994	461 082	2 206 828
Бір жылдағы пайда / шығын			57 391	57 391
Негізгі құралдарды қайта бағалау		(8 056)	10 070	2 014
Дивидендтерді төлеу			(37 132)	(37 132)
Меншік иелерінің жарналары				
Өзге операциялар			(456 170)	(456 170)
2022 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	905 752	831 938	35 241	1 772 931

Компания басшылығының атынан:



Басқарма Төрағасы
Р.С. Сұлтанов
 2023 жылғы «05» шілде
 М.О.

Аппарат басшысының орынбасары -
 Бас бухгалтер **И.М.Мұратова**



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Компания) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2007 жылы құрылған заңды тұлға болып табылады (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 21.08.2007 жылғы №28179-1901-АҚ кәуәлік).

Компания акцияларының жалғыз ұстаушысы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ болып табылады, оған 905 752 дана жай акциялардың 100% тиесілі (КЗІС 00006634 жай акциялары). Жарияланған және төленген акционерлік капиталдың жалпы құны 905 752 мың теңгені құрайды.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, ш/а.Шұбар, Темірқазық көшесі, 65 үй, БСН 070240000158.

Есепті күні Компанияның ҚР аумағында және одан тыс жерлерде филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Компанияның келесі заңды тұлғаларға қатысу үлесі бар:

➤ «Еуразиялық экономикалық ғалымдар клубы» қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі БСН 080840014240; Астана қ., Есіл ауданы, Темірқазық к-сі, 65 үй.

➤ «Қазақстан экономикалық бастамалар қоры» корпоративтік қоры БСН150340017341; Астана қ., Есіл ауданы, Темірқазық к-сі, 65. Компанияның «Қазақстандық экономикалық бастамалар қоры» КҚ қатысу үлесі жарғылық капиталды жарияламай-ақ 100% -ды құрайды.

01.01.2022 жылдан бастап 31.12.2022 жылға дейінгі кезеңде Компания «Еуразиялық экономикалық ғалымдар клубы» қауымдастығы» ЗТБ және «Қазақстандық экономикалық бастамалар қоры» корпоративтік қорының жарғылық капиталына жарналарды және өзге де жыл сайынғы (мерзімді) нысаналы жарналарды салған жоқ. Сонымен қатар, 01.01.2022 жылдан бастап 31.12.2022 жылға дейінгі кезеңде Қауымдастық пен Қордан түскен төмен көміртекті даму стратегиясының жобасын әзірлеу жөніндегі қызметтер үшін төлемдерді және жалдау төлемдерін қоспағанда, түсімдер болған жоқ.

Компания қызметінің негізгі мәні – экономика, «күпия», мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару салаларында зерттеулер жүргізу.

Компанияның ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және өндірістік-шаруашылық қызметінің негізгі түрлері:

1) елде жүргізіліп жатқан экономикалық, әлеуметтік және әкімшілік реформаларды жүйелі түрде қолдау және ғылыми негіздеу;

2) әлеуметтік-экономикалық дамудың және өндіргіш күштерді орналастырудың қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлеу, кәсіпорындардың, өңірлердің экономикасын дамытудың және макроэкономикалық пропорцияларды жетілдірудің стратегиялық бағыттарын ғылыми негіздеу;

3) ұлттық экономиканы дамытудың жаңа мүмкіндіктерін зерттеу;

4) экономика және қаржы саласында іргелі және қолданбалы әзірлемелер жүргізу;

5) Қазақстан Республикасында нарықтық экономика тетіктерін қалыптастыру мен дамытудың теориялық, әдістемелік және практикалық проблемаларын зерттеу.



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

- 6) ақша-кредиттік, бюджеттік, құрылымдық, инвестициялық проблемаларды зерттеу. Қазақстан Республикасындағы сыртқы экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және өңірлік саясатты зерттеу, әлемдік экономиканың жаһандық дамуының қазіргі заманғы үрдістерін талдау;
- 7) салааралық, өңіраралық және мемлекетаралық әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 8) республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға конъюнктуралық зерттеулер жүргізу;
- 9) экономикалық ақпаратты өңдеудің жаңа ақпараттық технологияларын әзірлеу және талдау, жоспарлау және басқару әдістерін дамыту;
- 10) инвестициялық жобаларға экономикалық сараптама жүргізу және нормашығармашылық қызмет саласындағы ғылыми-зерттеу қызметтерін дамыту;
- 11) Қазақстан Республикасының стратегиялық даму мақсаттарын іске асыру контекстіндегі макроэкономикалық процестерге мониторинг жасау, бағалау және болжау;
- 12) әлемдік экономиканың даму үрдісін талдау және болжау;
- 13) аумақтық-кеңістіктік дамудың, жергілікті өзін-өзі басқарудың мониторингі, талдауы және болжамы;
- 14) салалық дамудың мониторингін жасау, талдау және болжау;
- 15) ұлттық экономиканың даму тұрақтылығын тұрақты бағалау;
- 16) Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарына экономика және қаржы саласында әдістемелік қызметтер көрсету;
- 17) халықаралық ұйымдардың және жақын және алыс шет елдердің институттарымен стратегиялық әріптестікті дамыту;
- 18) ақпараттық хабарламаларды, журналдарды, тақырыптық жинақтар мен ғылыми әдебиеттерді дайындау үшін материалдарды жинау және талдамалық өңдеу және оларды тарату;
- 19) ақпараттық технологиялар мен экономикалық-математикалық модельдерді қолдана отырып, мемлекеттік басқарудың ахуалдық жүйесінің жобаларын құру;
- 20) экономика және мемлекеттік пен жергілікті басқару саласындағы өзара тиімді және халықаралық байланыстарды кеңейту, мамандардың біліктілігін арттыру үшін форумдар, конференциялар, семинарлар, тренингтер, кездесулер, кеңестер ұйымдастыру және өткізу, отандық және шетелдік ғалымдармен тәжірибе алмасу, ынтымақтастық туралы меморандумдар жасасу;
- 21) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалауды сараптамалық-талдамалық сүйемелдеу;
- 22) заң жобаларына, өзге де құқықтық актілерге, тұжырымдамаларға, стратегияларға ғылыми экономикалық сараптама жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын бағалау немесе экономикалық сараптама жүргізу;
- 23) ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін, экономикалық қауіпсіздікті мониторингілеу және талдау;
- 24) макроэкономикалық модельдеу және болжау жөніндегі құралдарды әзірлеу;



**«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік**

- 25) жеке кәсіпкерліктің дамуына мониторинг жасау, талдау және бағалау, сондай-ақ Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамыту саясатын ғылыми-әдіснамалық және сараптамалық-талдамалық сүйемелдеу;
- 26) Қазақстан Республикасындағы индустриялық-инновациялық дамуды мониторингілеу, бағалау және болжау;
- 27) Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің әлеуметтік-экономикалық саясатын зерттеу;
- 28) Қазақстанның әлеуметтік жаңғырту проблемаларын зерттеу;
- 29) Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық моделін дамытудың ұзақ мерзімді перспективаларын анықтау;
- 30) мемлекеттік жоспарлау жүйесін ғылыми-талдамалық сүйемелдеу;
- 31) мемлекеттік басқару жүйесін ғылыми-талдамалық сүйемелдеу;
- 32) Еуразиялық экономикалық кеңістікке интеграциялау тұрғысынан Қазақстан Республикасында инновациялық кластерлік саясат тұжырымдамасын әзірлеу;
- 33) экономикада заманауи ақпараттық технологияларды таратуға және пайдалануға бағытталған зерттеу;
- 34) кеңсе үй-жайларын ақыға уақытша иелену және пайдалану үшін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру.

Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметті Компания тиісті лицензия болған кезде жүзеге асырады.

Құрылтай құжаттарына сәйкес Компанияның басқару органдары төмендегілер болып табылады:

- Жоғары орган - Жалғыз акционер
- Басқару органы - Директорлар кеңесі
- Атқарушы орган - Басқарма

Компанияның жарғылық капиталы 2022 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша 905 752 мың теңгені құрады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал мөлшері 905 752 мың теңгені құрады.

Қаржылық есептілік 2022 жылғы 01 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге ұсынылды. Қаржылық есептілік мың теңгемен ұсынылды.

Қызметкерлердің штаттық саны 93 бірлікті құрады. 2022 жылы қызметкерлердің орташа саны 126 адамды құрады.

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін осы қаржылық есептілік 2023 жылғы 05 шілдеде шығарылымға бекітілді.



2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Қаржылық есептілікті дайындау негізі.

Компанияның қаржылық есептілігі Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі кеңес бекіткен ХҚЕС талаптарына және қаржылық есептілікті түсіндіру жөніндегі Халықаралық комитет шығарған түсіндірмелерге сәйкес, сондай-ақ ҚР Қаржы министрлігінің 2022 жылғы 2 наурыздағы № 241 бұйрығына сәйкес жасалады.

Есептер есептеу әдісі негізінде және егер басқаша көрсетілмесе, бастапқы күн ережесі бойынша дайындалады. Компанияда есепті жыл 31 желтоқсанда аяқталады. Қаржылық есептілік мың теңгемен ұсынылды және егер өзгеше көрсетілмесе, барлық мәндер мыңға дейін дөңгелектенеді.

Функционалды валюта және презентация валютасы.

Компанияның қаржылық есептілігінің функционалдық валютасы және көрсету валютасы қазақстандық теңге болып табылады.

Үздіксіз қызмет принципі.

Қаржылық есептілік Компания үздіксіз қызмет қағидатын ұстанады және Компанияның тарату ниеті немесе қажеттілігі немесе жақын болашақта қызметті едәуір қысқарту туралы белгілері жоқ деген болжам негізінде дайындалды.

Жинақталған пайданың елеулі азаюына және операциялық қызметтен түсетін теріс ақша ағындарына қарамастан, Компания басшылығы жақын болашақта өз қызметін жалғастыруға қабілетігіне сенімді.

Бағалау мен жорамалдарды пайдалану.

ХҚЕС сәйкестігі Компания басшылығынан бағалау мен болжамдарды қолдануды талап етеді. Осы жол берулер мен бағалаулар есептілікте келтірілген активтер мен міндеттемелер сомасына, сондай-ақ қаржылық есептілікті жасау күніне шартты активтер мен міндеттемелер бойынша ашуға және есептілікте ұсынылған есепті кезең ішіндегі кірістер мен шығындар сомасына әсер етеді.

Осы қаржылық есептілік тарихи құны бойынша есепке алу қағидаттарына сәйкес дайындалды, қаржылық есептіліктің жекелеген баптары бойынша әділ құны бойынша бағалау пайдаланылды.

Әділ құн осы құнның тікелей бақылануына немесе оның басқа әдістеме бойынша айқындалуына қарамастан, бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасындағы ерікті мәміле шеңберінде активті сату кезінде алынған немесе міндеттемені беру кезінде төленген сома ретінде айқындалады. Есептілікті жасау кезінде әділ құн бойынша бағалау бастапқы деректердің бақылануына және бағалау үшін олардың маңыздылығына қарай деңгейлер бойынша жіктеледі:

- 1-деңгей – бағалау күні Компания байқай алатын белсенді нарықтағы осындай активтер мен міндеттемелерге белгіленген бағалар (түзетулерсіз);
- 2-деңгей – 1-деңгейге сәйкес келмейтін, бірақ актив немесе міндеттеме үшін тікелей немесе жанама түрде байқалатын бастапқы деректер;
- 3-деңгей – актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректер.



**«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік**

Ұйымдар бұл түзетулерді бизнес біріктіруіне қолдану қажет, олардың сатып алу күні 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын бірінші жылдық есептік кезеңдер басталған кезде немесе одан кейін басталатын және осындай кезең басталған кезде қолдануға тиіс.

2018 жылғы 31 қазанда ХҚЕС жөніндегі кеңес **«Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС (IAS) және «Есеп саясаты, есептік бағалаулардағы өзгерістер мен қателер» 8 ХҚЕС (IAS)** мәнділігін айқындауға түзетулер шығарды. Түзетулер енгізілгеннен кейін бұл анықтама мынадай түрде болады: *«Егер жалпы мақсаттағы қаржылық есептіліктің негізгі пайдаланушылары белгілі бір есеп беруші ұйым туралы қаржылық ақпарат беруді қамтамасыз ететін осындай қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын шешімдерге оны өткізіп жіберудің, бұрмалаудың немесе оны түсіну қиындауының әсерін күтуге болатын болса, ақпарат елеулі болып саналады»*. Бұл түзетулер маңыздылықтың анықтамасын түсіндіреді және әртүрлі ХҚЕС арасындағы үлкен үйлесімділікке ықпал етеді, бірақ олар қаржылық есептілікті дайындауға айтарлықтай әсер етеді деп күтілмейді. Бұл түзетулерді 2020 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданған жөн.

«Жалдау» 16 ХҚЕС (IFRS) түзетулері – «COVID-19 пандемиясымен байланысты жалға беру жеңілдіктері».

Түзету жалға алушыларға COVID-19 пандемиясына байланысты жалдау бойынша жеңілдіктерді есепке алудың практикалық сипатын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Оңайлату жалға беру бойынша басқаға беру жалдау шартының модификациясы болып табылатындығын талдауға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайда Жалға алушы жалға алу төлемдерінің өзгерісін осындай жеңілдікке байланысты, егер мұндай өзгеріс жалдау шартының модификациясы болмағандай ескереді. Осы жеңілдетуді қолдану үшін жалға алушыға COVID-19 пандемиясының тікелей салдары ретінде ұсынылуы тиіс және барлық төмендегі шарттарға сәйкес келуі керек:

- жалға алу үшін қайта қаралған өтеу сомасы іс жүзінде бірдей болып қалады немесе шегіну ұсынғанға дейін жалға алу үшін өтеу сомасынан аз болады;
- жалдау төлемдерінің төмендеуі бастапқы шарт бойынша 2021 жылғы 30 маусымнан кешіктірмей төленуге жататын төлемдерге ғана қатысты;
- жалдау шартының талаптарында басқа да елеулі өзгерістер жоқ.

Оңайлату ұқсас сипаттамалары бар шарттарға қатысты және ұқсас жағдайларда рет-ретімен қолданылуға тиіс. Жалға алушы осы жеңілдетуді қолдану фактісін, жеңілдету қолданылған шарттардың сипатын, сондай-ақ жеңілдіктер салдарынан жалдау төлемдеріндегі өзгерістердің пайда мен залалға әсер ету мөлшерін ашуы керек. Түзету 2020 жылғы 1 маусымда және одан кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолдануға міндетті.

«Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 IAS, «Қаржы құралдары» 9 IFRS және «Қаржы құралдары: ашу» 7 IFRS түзетулері - базалық пайыздық мөлшерлемелі реформалау.

IBOR банкаралық ставкалары - LIBOR сияқты пайыздық мөлшерлемелер болып табылады. Қазіргі уақытта оларды өтімді операциялар туралы мәліметтерге негізделген тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелермен ауыстыру керек. IBOR ставкаларын ауыстыру компаниялар үшін бірқатар бухгалтерлік қиындықтармен байланысты, сондықтан ХҚЕС жөніндегі кеңес осы мәселелерді шешу үшін өтпелі ережелерді енгізу бойынша жұмыс жасады.

Жаңа ставкаларға көшу екі кезеңге бөлінеді: 1-кезең және 2-кезең. Осы түзетулердің 1-кезеңі IBOR ставкаларын ауыстырудың алдындағы белгісіздік кезеңінде жедіріледі.



**«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік**

есепке алуға тікелей байланысты «ставкаларды алдын-ала ауыстыру» бухгалтерлік мәселелеріне назар аударды. IAS 39 және IFRS 9 сәйкес хеджирлеу қатынастары есепке алу критерийлеріне жауап беруді тоқтатқан кезде, есеп берушілерге хеджирлеу есебінің тоқтатылуын бағалау кезінде IBOR реформасын уақытша елемеуге мүмкіндік беретін бірқатар өтпелі ережелер енгізілді. Хеджирлеудің кез-келген тиімсіздігі пайда немесе шығын бөлігі ретінде танылуы керек екенін ескерген жөн.

ХҚЕС (IFRS) 7-де стандартқа жаңа сапалы ашылуларды енгізу үшін түзетулер енгізілді. 2-кезең қазіргі уақытта әзірлену сатысында және оған байланысты ХҚЕС-қа одан әрі түзетулер кейінірек шығарылады деп күтілуде.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап «Сақтандыру шарттары» 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енеді, ол «Сақтандыру шарттары» 4 ХҚЕС ауыстырады

17 ХҚЕС-нің тұжырымдамалық айырмашылығы – бұл стандарт, 4 ХҚЕС-тен айырмашылығы, есептеу параметрлерін бағалаудың егжей-тегжейлі әдісін қарастырмайды, бірақ сақтандыру міндеттемелерін бағалау кезінде актуарийдің пайымдаулары мен өзіндік модельдеріне негізделген. Осылайша, келесі жылдың басынан бастап барлық сақтандыру ұйымдары әдіснаманы дайындап, 17 ХҚЕС критерийлеріне сәйкес міндеттемелерді бағалау үшін өздерінің бағдарламалық жасақтамаларын конфигурациялауы керек. Сақтандырушыларға көмектесу үшін осы мәселе шеңберінде Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігі 17 ҚЕХС талаптарына сәйкес келетін сақтандыру міндеттемелерін бағалау жөніндегі нұсқаулықты (бұдан әрі – Нұсқаулық) әзірледі, ол 17 ХҚЕС талаптарын қолдануға ұсынымдарды көздейді және өз модельдерін пайдаланған жағдайда сақтандыру ұйымдарының сақтауы үшін міндетті болып табылмайды. Сақтандыру ұйымдарында 17 ХҚЕС критерийлеріне сәйкес келетін меншікті модельдер болмаған жағдайда, Нұсқаулық айқындаған дисконттау ставкасы, тәуекелдік түзету және т.б. бөлігінде параметрлерді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл ретте 2022-2023жж. қорытындылары бойынша 17 ҚЕХС бойынша жасалған сақтандырушылардың қаржылық есептілігін тыңдау және жаңа стандартты енгізуге байланысты барлық тәуекелдерді талдау нәтижелерін алғанға дейін агенттіктің реттеушілік және пруденциалдық талаптары, сондай-ақ сақтандырушылардың қолданыстағы есептілігі өзгеріссіз қалады.

2018 жылғы 29 наурызда шығарылған «Қаржылық есептерді ұсынудың тұжырымдамалық негіздері».

Тұжырымдамалық негіздер стандарт болып табылмайды және тұжырымдамалық негіздердің бірде-бір ережесі стандарттың қандай да бір ережесінен немесе талабынан басым күшке ие емес. Тұжырымдамалық негіздердің мақсаттары: ХҚЕС жөніндегі кеңеске стандарттарды әзірлеуде жәрдемдесу; стандарттардың бірде-біреуі белгілі бір операцияны немесе басқа оқиғаны реттемеген кезде есеп саясатының ережелерін әзірлеу кезінде қаржылық есептерді жасаушыларға жәрдемдесу; және стандарттарлы түсіну мен түсіндіруде барлық тараптарға жәрдемдесу болып табылады. Бұл құжат тұжырымдамалық негіздердің ережелеріне сәйкес өзінің есеп саясатын әзірлейтін ұйымдарға әсер етеді. Тұжырымдамалық негіздердің қайта қаралған редакциясы бірнеше жаңа тұжырымдамаларды, активтер мен міндеттемелердің жаңартылған анықтамаларын және оларды тануға арналған өлшемшарттарды қамтиды, сондай-ақ кейбір елеулі ережелерді түсіндіреді.

Компания басшылығының пікірінше, бұл өзгерістер Компанияның қаржылық жағдайына және оның қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай әсер етпейді.



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

Қорларды есептен шығару қорларды есептен шығару актісімен ресімделеді (жүкқұжаттар; орнату актілері; материалдық-жауапты тұлғалардың қызметтік жазбалары (есептен шығару себебін ашумен); ақаулы актілер және сақтау мерзімдерінің аяқталғанын, ТМҚ жарамсыз болған тұтыну қасиеттерін жоғалтудың өзге де жағдайларының моральдық және физикалық ескіргенін растайтын өзге де құжаттар негізінде), есептен шығаруға тұрақты жұмыс істейтін комиссия қол қояды және оны Басқарма Төрағасы бекітеді. Есептен шығару комиссиясы қорларды есептен шығаруға, сондай-ақ жарамсыздығы туралы себептердің сәйкестігін қарап тексеруді жүргізеді.

Негізгі құралдар. Негізгі құралдар жылжымайтын мүлік объектілері мен жерді қоспағанда, жинақталған амортизация мен құнсыздануды шегергенде бастапқы құны бойынша есепке алынады. Активтердің бастапқы құны сатып алу бағасын, активті жұмыс жағдайына келтіруге тікелей қатысты шығындардың кез келген түрін және қажет болған жағдайда активті жою бойынша шығындарды бастапқы бағалауды қамтиды. Сатып алу бағасы - төленген жиынтық құн және активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген басқа түрінің әділ құны болып табылады. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың маңызды компоненттерін ауыстыру қажет болған жағдайда, Компания оларды пайдалы қызметтің тиісті жеке мерзімдері негізінде бөлек амортизациялайды. Сол сияқты, елеулі техникалық байқау жүргізу кезінде оған байланысты шығындар, егер тану критерийлері орындалса, жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында танылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған барлық басқа шығындар оларды шеккен кезеңдегі ағымдағы шығыстардың құрамында танылады.

Тиімді пайдалану мерзімдері, жыл:

Жер - мерзімсіз

Ғимараттар мен құрылыстар - 100

Компьютерлер, перифериялық құрылғылар мен деректерді өңдеуге арналған жабдық – 2-5

Көлік құралдары 8-10

Басқа 3-5 жыл

Негізгі құралдар объектісін тану немесе кез келген бастапқыда танылған негізгі құралдардың маңызды құрамдасын тану олар істен шыққан кезде немесе оларды пайдаланудан не олардың істен шығуынан экономикалық пайда күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Активті тануды тоқтату кезінде туындайтын пайда немесе залал (есептен шығарудан түскен таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде айқындалады) және активті тануды тоқтату кезінде пайда мен залал және жиынтық кіріс туралы есепке енгізіледі.

Материалдық емес активтер. Материалдық емес активтер негізінен Компания сатып алған, қызмет ету мерзімі шектелген бағдарламалық қамтылымды білдіреді және жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, құны бойынша (сатып алу құнын және активті мақсаты бойынша пайдалануға дайындауға тікелей қатысты кез келген шығындарды қамтитын) ескеріледі.

Амортизация



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі 2-20 жылды құрайды. Амортизация пайдалы қызмет мерзімі ішінде тікелей әдіспен есептеледі.

Ұзақ мерзімді активтердің амортизация мерзімдерін қайта қарау

Активтің пайдалы қызмет ету мерзімі кем дегенде әрбір есепті кезеңнің аяқталу күніне (16 ХҚЕС 51-тармағы) ықтимал қайта қарау мәніне талдануы тиіс және егер күтулер алдыңғы бағалау мәндерінен өзгеше болса, тиісті өзгеріс бухгалтерлік бағалауда көрсетілуі тиіс. Қоғам, пайдалы қызмет мерзімін қайта қарау (оны ұзарту) бұл перспективалық түрде қолданылатын және өткен кезеңдердің есептілігіне ешқандай әсер етпейтін есептік бағалаудағы өзгеріс болып есептеледі.

Дивидендтер. Дивидендтерді бөлу мақұлданған және Компанияның қарауында болмаған кезде Компания дивидендтерді төлеуге қатысты міндеттемені мойындайды.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есеп айырысуға жатады, ал таза сома есептілікте танылған сомаларды өзара есепке алуға заңды құқық болған кезде ғана, сондай-ақ таза негізде есеп айырысуды жүзеге асыру немесе активтерді сату және сол уақытта міндеттемені өтеу ниеті болған кезде ғана ұсынылады.

Жалға алу. Есепті күні барлық жалдау міндеттемелері қысқа мерзімді болып жіктеледі. Шарттар бойынша жалдау ақысының мөлшерлемесі Компанияның Директорлар кеңесі белгілеген мөлшерлемелерден асады (немесе төмен болмайды).

Салықтар.

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы кезеңдегі қысқа мерзімді салық міндеттемелері сыйақы төлеу кезінде ұсталған салықтан, сондай-ақ есепті кезеңдегі декларация бойынша сомадан тұратын сомада бағаланады.

Кейінге қалдырылған салық

Әрбір есепті күнге кейінге қалдырылған салық активінің (міндеттемесінің) баланстық құны келесі өзгерістермен қайта қаралады:

- салық мөлшерлемелері (егер есепті жылдың соңында болашақ есепті кезеңде салық мөлшерлемелерінің өзгеруі күтілетіні белгілі болса, кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін (активтерін) бағалау жаңадан енгізілетін салық мөлшерлемелері бойынша жүргізіледі);
- осы кейінге қалдырылған активті қалпына келтіруге мүмкіндік беретін болашақ салық салынатын пайдада өзгерістер болса;
- активті өтеудің болжамды тәсілі өзгертілетін болса.

Кейінге қалдырылған салық активтері (міндеттемелері) дисконтталмаған ұзақ мерзімді активтер (міндеттемелер) болып табылады.

Ағымдағы (және кейінге қалдырылған) салық, әдетте, кіріс немесе шығыс ретінде танылады және есепті кезеңдегі жиынтық пайда (залал) есебіне енгізіледі, төмендігеден пайда болатын салық сомаларын қоспағанда:

- сол немесе басқа есепті кезеңде тікелей капитал шотында танылатын операциялар немесе оқиғалар болғанда; не
- кәсіпорындар біріккенде (ерекшелік ретінде).



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

Ағымдағы (және кейінге қалдырылған) салық, егер салық сол немесе басқа есепті кезеңде капитал шотына тікелей дебеттелетін (кредиттелетін) баптарға қатысты болса, тікелей капитал шотына дебеттеледі (немесе кредиттеледі). Мысалы, қайта бағалау нәтижесінде негізгі құралдардың баланстық құнының өзгеруі, ретроспективті түрде немесе қатені түзету нәтижесінде қолданылатын есеп саясатының өзгеруі нәтижесінде бөлінбеген пайданың бастапқы сальдосын түзету.

Шетел валютасындағы операциялар мен оқиғалар. Шетел валютасындағы операциялар мен оқиғалар валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып, ҚР ұлттық валютасында ескеріледі. Ақшалай баптар бойынша есептеу кезінде немесе есепті кезең ішінде бастапқы тану кезінде олар қайта есептелген бағамдардан өзгеше бағамдар бойынша ақшалай баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын бағамдық айырмашылықтар олар пайда болған кезеңдегі пайдада немесе залалда танылуға жатады.

Келесі кестеде келесі күндерге теңгемен айырбастау бағамдары көрсетілген:

	2022 жылғы	2021 жылғы
	31 жетоқсан	31 желтоқсан
АҚШ доллары	462,65	431,67
Ресей рублі	6,43	5,77

Қызметкерлерге сыйақы. Компания қызметкерлерінің әкімшілік персоналына (әкімшілік, есепке алу, заң саласы) шығыстарды қалыптастыру бөлігінде еңбекақы төлеу орындалған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнына енгізілмейді және кезеңнің жалпы және әкімшілік шығыстарына жатқызылады. Жобаларда (бағдарламаларда, зерттеулерде) жұмыс істейтін және (немесе) қатысатын мамандарға, қызметкерлерге ақы төлеу орындалған жұмыстардың өзіндік құнына жатады. Қызметкерлерге сыйақы есептеу тәртібі ҚР Еңбек кодексімен, «Ғылым туралы» ҚР Заңымен, Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай ережелерімен, Компанияның ішкі ережелерімен, құжаттарымен және бұйрықтарымен реттеледі. Қызметкерлерге сыйақы төлеу ҚР Еңбек кодексімен, Компанияның ішкі ережелерімен, құжаттарымен және бұйрықтарымен, сондай-ақ Тапсырыс берушілермен жасалған Келісімдерде (Шарттарда және т.б.) көзделген шарттарда регламенттеледі.

Жұмыс уақытын пайдалануды есепке алу еңбек шартындағы талаптарға сәйкес жұмысқа келу мен келмеуді үздіксіз тіркеу әдісімен табельдерде жүзеге асырылады.

Компания бекітілген жалпы жалақы қорын жобалар және (немесе) бөлімшелер бойынша дербес бөледі, өндірісте жұмыс істейтін қызметкерлердің санын, олардың кәсіби және біліктілік құрамын айқындайды. Компания қолданыстағы заңнамаға және бекітілген Еңбекке ақы төлеу туралы ережеге сәйкес шаруашылық қызметтің нәтижелеріне сәйкес қызметкерлерге еңбекақы төлеу және ынталандыру, қосымша ақылар, үстемеақылар нысандарын, жүйесін белгілейді.

Компания Еңбекке ақы төлеу туралы ережеде көзделген сыйлықақылар мен қосымша төлемдер (құпиялылық үшін үстемеақылар, гранттар бойынша үстемеақылар, ғылыми дәрежесі үшін үстемеақылар, сауықтыру жәрдемақысы, жәрдемақылар мен материалдық көмек және басқалар) жүргізе алады.

Жобалар бойынша басқару есебі. Компанияның жобалар бойынша қысқартылған шығындары персоналдың шығындарын құрайды және бұл ретте қызметкерлер бірден бірнеше жобаларда жұмыс істей алады, басқарушылық есепке алу үшін жобалардың



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

негізгі шығындарын бөлу үшін Қоғам әрбір жобада (жобалық топтардың, жұмыс топтарының, бұйрықтардың бекітілген тізіміне сәйкес) нақты жұмыс істеген көлемі бойынша бөлуді пайдаланады.

Бірнеше жобада жұмыс істейтін қызметкерлерге жалақы есептеу кезінде есептеу бюджетке, жобадағы қызметкердің жұмыспен қамтылу көлемі мен дәрежесіне қарай жүргізіледі.

Алдағы демалыстарды төлеуге арналған резерв. Алдағы демалыстарды төлеуге арналған резервті Компания жылына бір рет 31 желтоқсанға белгілейді, шотта көрсетеді. Пайдаланылмаған демалыс, демалыс және салық төлеу және аударымдар үшін өтемақы төлеуге алдағы шығыстар бойынша бағалау міндеттемелері әрбір қызметкер бойынша жүргізіледі. 31 желтоқсанға пайдаланылмаған демалыс күндерінің қалдығы бойынша ұсынылған мәліметтер негізінде әрбір қызметкер бойынша жұмыс күндерінің болжамды саны жеке есептеледі; Қызметкердің сыйақысы бойынша бағалау міндеттемелері таныла отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерлемелер бойынша салықтар мен аударымдар бойынша бағалау міндеттемесі танылады. Есепте демалыстар бойынша резервтің есебін арттыратын (азайтатын) түзету жазбасы жүргізіледі.

Болашақ кезеңдердің шығындары. Болашақ кезеңдердің шығыстары (БКШ) Компанияның есепті кезеңде жүргізетін, бірақ келесі есепті кезеңдерге жататын шығыстарын қамтиды. БКШ олар жататын есепті кезеңдер ішінде өндіріс (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша шығындардың тиісті баптарына біркелкі есептен шығаруға жатады. Аналитикалық есеп әр шығыс бабы үшін ақпарат алуды қамтамасыз етеді: пайдаланудың басталу күні және пайдаланудың аяқталу күні.

Кредиторлармен есеп айырысу. Компания міндеттемелердің әрбір санаты үшін Компанияның қаржы құралдарына байланысты ұшырайтын сипаты мен тәуекелін көрсете отырып, 12 ай ішінде және 12 айдан астам уақыт ішінде іске асырылуы / өтелуі күтілетін баптарды ашады (9 ХҚЕС (IFRS)). Осыған ұқсас баптар, байланысты тараптар арасындағы операциялардың Компанияның есептілігіне әсерін түсіну үшін ақпаратты бөлек ашу қажет болған жағдайларды қоспағанда, жиынтықта ашылады.

Күмәнді қарыздар бойынша резерв құру

Компания ішкі немесе сыртқы ақпарат Компанияның Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық сотының 04.08.2020 жылғы (Компания мен Қор арасындағы берешекті өндіріп алу туралы бітімгершілік келісімі бекітілген) ұйғарымында көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алуы екіталай екенін көрсетеді деп есептейді.

Кірістер мен шығыстарды тану. Көрсетілген қызметтердің барлық түрлері бойынша кірістер осы қызметтер көрсетілген есептік кезеңде танылады. Кіріс мәмілеге байланысты экономикалық пайда алу ықтималдығы бар және табыс сомасын үлкен ықтималдықпен бағалауға болатын жағдайда танылады. Табыс алынған немесе күтілетін сыйақының әділ құны бойынша бағаланады.

Шығыстар пайда болуына қарай танылады және олар есептеу әдісі негізінде жататын кезеңдегі қаржылық есептілікте көрсетіледі. Шығыстарға кірісті алу үшін қажетті шығыстар (өзіндік құнға қосылатын шығыстар), жалпы және әкімшілік шығыстар, өткізу жөніндегі шығыстар және Компанияның әдеттегі қызметі барысында туындайтын өзге де шығыстар (залаңдар) жатады.



**«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік**

Есепті күннен кейінгі оқиғалар. Есепті күннен кейінгі оқиғалар есепті күн мен шығарылымға қаржылық есептілікті бекіту күні арасындағы кезеңде орын алатын қолайлы да, қолайсыз да оқиғалар болып табылады. Есепті жыл аяқталғаннан кейін болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар елеулі болып табылса, қаржылық есептілікке ескертпелерде ашылады.

Есепке алу саясатындағы өзгерістер, есеп айырысу бағалары және қателер. Шамамен есептеу процесі өзекті ақпаратқа негізделген пайымдауларды қамтиды. Есептік бағалаулардағы өзгерістер – бұл активтің немесе міндеттеменің ағымдағы жағдайын және (немесе) күтілетін болашақ пайданы (берешекті) қайта қарау салдарынан оның баланстық құнын түзету болып табылады. Есептік бағалаулардағы өзгерістер нәтижелері бұрын есепке алынған пайда мен залал туралы есептің сол жіктеу баптарына енгізілуі тиіс. Есептік бағалаулардағы өзгерістің нәтижесі өзгеріс болған кезеңдегі пайданы немесе залалды анықтау кезінде енгізілуі тиіс.

5. ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕПКЕ ТҮСІНДІРМЕ

5.1. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	31.12.2022ж.	31.12.2021ж.
Ағымдағы банктік шоттағы ақша қаражаты	3 790	35 662
Жианқтаушы шоттардағы ақша қаражаты	447 864	551 501
Барлығы:	451 654	587 163

Ағымдағы банктік шоттағы ақша қаражаты:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ есеп айырысу шоттарындағы ақша қаражатының қалдықтары туралы 23.06.2023 жылғы №39-25/456 анықтамаға сәйкес 31.12.2022 жылғы жағдай бойынша Компанияның ақша қаражатының қалдықтары төмендегіні құрайды:

(теңгемен)

Банктік сәйкестендіру коды (БСК)	Жеке сәйкестендіру коды (ЖСК)	Валюта атауы	31.12.2022 жылғы жағдай бойынша ақша қаражатының қалдығы
HSBKKZKX	KZ326017111000000185	KZT	1 624 260,38
HSBKKZKX	KZ336017111000000652	RUB	2 128 618,13
HSBKKZKX	KZ866017111000000086	KZT	-
HSBKKZKX	KZ066017111000001041	EUR	-
HSBKKZKX	KZ216017111000000480	GBR	-
HSBKKZKX	KZ786017111000001297	USD	-
HSBKKZKX	KZ246017111000000426	CNY	-
HSBKKZKX	KZ846010111000196800	KZT	36 558,46



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

HSBKKZKX	KZ256017111000001184	CHF	-
HSBKKZKX	KZ686018821001099771	KZT	43,61
HSBKKZKX	KZ636018821001119261	KZT	-
HSBKKZKX	KZ116018871000390221	KZT	-
HSBKKZKX	KZ59601A321000175211	KZT	-
HSBKKZKX	KZ13601A871005897411	USD	-
HSBKKZKX	KZ37601A871005895621 (закрыт 16.09.2022 года)	USD	-
Жиыны			3 789 480,58

Есепті жылдың соңында және қаржылық есептілік аудитін жүргізу кезінде активтердің құнсыздануы байқалмайды, Компанияның ақшалай қаражаты банктерде сақталады және есеп айырысуды жүзеге асыру үшін қаражаттың болмауы себебінен төлемдердің кешігуі болмайды. Депозиттер бойынша шартқа сәйкес Компания өз салымдарын және ол бойынша сыйақыларды уақтылы алды.

Жинақтаушы шоттағы ақша қаражаты:

Есепті кезеңде Компания ақшалай қаражатты ұлттық валютадағы мерзімді салымдарға орналастыруды жүзеге асырды және келесідей ұсынылады:

(мың теңгемен)

Банк атауы	Орналастыру кезеңі, депозит мерзімі	31.12.2021ж. салымға мөлшері	Сыйақының орташа мөлшерлемесі	31.12.2022ж. салымның мөлшері
«Қазақстан халық банкі» АҚ (1 күннен бастап 14 күнге дейінгі кысқа мерзімді салымдар)	31.12.2021 – 24.01.2022	549 356	7,5%	1 403
	25.01.2022 – 24.02.2022	526 581	8%	3 622
	25.02.2022 – 28.04.2022	445 737	11,25%	8 663
	29.09.2022 – 25.07.2022	270 200	12,70	0 420
	26.07.2022 – 26.10.2022	154 617	12,5%	4 941
	27.10.2022 – 06.12.2022	127 343	14%	1 909
	07.12.2022 – 30.12.2022	173 094	14,75%	1 676

Есепті кезеңде Компания 30 755 мың теңге сомасына сыйақы бойынша табыс алды. Төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығы 4 613 мың теңгені құрады. Сыйақы Компанияның ағымдағы шотына аудару арқылы төленді. Осы депозит



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

бойынша алынған пайыздық кіріс есепті кезеңдегі жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

2022 жылғы 31 желтоқсанға есептелген, бірақ алынбаған пайыздық сыйақылар жоқ. Қысқа мерзімді салымның мөлшері 30.12.2022 жылға (04.01.2023 жылға дейінгі мерзімге) 447 864 мың теңгені құрады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ сайтынан аудит жүргізу сәтіндегі банктің рейтингі:

Банк	Moody's Investors Service	Standard and Poor's	Fitch Ratings
«Қазақстан халық банкі» АҚ	Baa2 (Болжамы – Тұрақты)	BB+ (Болжамы – Тұрақты)	BBB- (Болжамы – Тұрақты)

5.2. АҒЫМДАҒЫ ТАБЫС САЛЫҒЫ

	31.12.2022 ж.	31.12.2021 ж.
Корпоративтік табыс салығы	3 052	9 475
Барлығы:	3 052	9 475

5.3. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	31.12.2022 ж.	31.12.2021 ж.
Сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	31 177	-
Барлығы:	31 177	-

Сауда дебиторлық берешек бір күнтізбелік күн ішінде өтеуге жатады.

Сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегін түсіндіру:

№	Контрагент атауы	31.12.2022 ж.	31.12.2021 ж.
1	ASIAN DEVELOPMENT BANK INSTITUTE	18 025	-
2	Азия және Тынық мұхитының экономикалық және әлеуметтік комиссиясы (АТМЭӘК)	13 152	-
	Жиыны	31 177	-

5.4. ЖАЛДАУ БОЙЫНША ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	31.12.2022 ж.	31.12.2021 ж.
«Евразия экономикалық ғалымдар клубы» қауымдастығы ЗТБ	-	366
ҚР СИМТ РМК «Қазақстан стандарттау және метрология институты» ШЖҚ РМК	516	-
"Қазақстандық экономикалық бастамалар қоры" КҚ	1 744	-
Барлығы:	2 260	366



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

5.5. ҚОРЛАР

Компанияның есепті кезеңнің аяғына қарай материалдық қорларға төмендегілер кіреді:

	31.12.2022 ж.	31.12.2021 ж.
Шикізат және материалдар	17 005	19 830
Тауарлар	736	736
Қорлардың құнсыздануынан залалға бағалау резерві	(9 250)	(11 282)
Барлығы:	8 491	9 284

Есепті кезеңдегі қорлардың қозғалысы келесі кестеде келтірілген:

	01.01.2022	Түсті	Пайдаланды \шықты	Резерв	31.12.2022
Шикізат және материалдар	19 830	3 224	(4 018)	(2 032)	17 005
Тауарлар	736	-	-	-	736
Бағалау резерві	(11 282)	-	-	2 032	(9 250)
Барлығы:	9 284	3 224	(4 018)	-	8 491

Есепті күнге қаржылық есептілікте көрсетілген қорлар кепіл нысанасы болып табылмайтын Компанияның меншігі болып табылады және Компанияда оларды пайдалануға шектеулер жоқ.

5.6. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР.

	31.12.2022	31.12.2021
Болашақ кезеңдердің шығындары	1 072	11 949
Берілген қысқа мерзімді аванстар	3	3
Қосылған құн салығы	35	32
Басқа салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	1 623	67 342
Қызметкерлерге берілген аванстар	3 952	2 461
Шарттар бойынша қысқа мерзімді активтер	112	286
Өзге қысқа мерзімді активтер	-	29
Барлығы:	6 797	82 103

Болашақ кезеңдердің шығындарын түсіндіру:

Атауы	31.12.2022	31.12.2021
Антивирус бағдарламалық қамтылымы	515	423
ZOOM бағдарламалық қамтылымы	15	-



**«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік**

ACTUALIS анықтамалық жүйесі	11	7
АҚЖ сақтандыру	234	77
Жылжымайтын мүлікті сақтандыру	297	114
ЭЫДҰ кітапханасына кіру	-	1 438
Euromonitor кітапханасына кіру	-	9 890
Барлығы	1 072	11 949

5.7. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	<u>31.12.2022</u>	<u>31.12.2021</u>
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	456 217	456 217
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған шығындарға арналған бағалау резерві	(456 217)	-
Барлығы:	-	456 217

«Қазақстан экономикалық бастамалар қоры» корпоративтік қорының (бұдан әрі-Қор) 2019 жылдың соңында Астана экономикалық форумын өткізу жөніндегі 26.03.2018 жылғы №2 шарт (бұдан әрі-Шарт) бойынша Компания алдында 451 473 мың теңге мөлшерінде берешегі болды. 2020 жылы Компания берешек сомасын және Компания төлеген мемлекеттік бажды қайтару туралы 13 544 мың теңге сомасында талап арыз берді. Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық соттың 04.08.2020 жылғы ұйғарымына сәйкес Компания мен Қор арасындағы 465 017 мың теңге мөлшерінде берешекті өндіріп алу туралы бітімгершілік келісім бекітілді. 2020 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде Қор 8 800 мың теңгені іс жүзінде қайтарып берді. 31.12.2021 ж. берешек сальдосы - 456 217 мың теңге. Бітімгершілік келісімнің кестесіне сәйкес мерзімі өткен берешек сомасы 202 400 мың теңгені құрады. Берешекті өтемеу Қор Компанияға қатысты 456 217 мың теңге мөлшерінде қызметтерді қабылдауды мәжбүрлеу туралы талаппен 2022 жылғы 31 мамырдағы сотқа талап арыз беру арқылы негізdedі. «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер» 37 ХҚЕС (IAS) сәйкес Қордың заңды дәлелдеріне сілтеме жасай отырып, Компания шартты міндеттемелер жасауға құқылы және дебиторлық берешек сомасын және талап арыздағы талаптардың мөлшерін ескере отырып, Компания шартты міндеттемелер бойынша шығыстарды көрсетпеді, өйткені Компанияның күтілетін міндеттемесінің сомасы дебиторлық берешек сомасын толығымен жабушы еді.

Алайда, Компания Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ кодексі) ережелеріне сәйкес - іс бойынша іс жүргізуді тоқтатудың негіздерін назарға алмады. Егер: талап қоюшының талап қоюдан бас тартуына немесе тараптардың бітімгершілік келісімін, тараптардың дауды реттеу туралы келісімін бекітуіне байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы заңды күшіне енген, сол тараптар арасындағы дау бойынша шығарылған, сол нысан туралы және сол негіздер бойынша сот шешімі немесе сот ұйғарымы болса, сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім; сондай-ақ тараптар бітімгершілік келісім жасасты және оны сот бекітеді. 2018 жылы пайда болған берешек бұрынғы кезеңде құнсыздану үшін резервке жатқызылуы тиіс еді, сонымен 37 ХҚЕС (IAS) сәйкес – егер заңдық міндеттеме заңнама нормалары бойынша туындай алмаса;



**«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік**

онда бағалау міндеттемесі танылмауға тиіс. 10 ХҚЕС (IAS) – «егер есепті кезеңнен кейін активтің құнсызданғанын куәландыратын ақпарат болған жағдайда, ұйым қаржылық есептілікте танылған сомаларды түзету арқылы немесе есептілікте бұрын танылмаған баптарды тану арқылы ескеру қажет (мысалы, борышкердің банкроттығы немесе оның есепті кезеңнен кейін болған берешекті өтеу мүмкін еместігі, әдетте, есепті күні берешек бойынша шығынның болуын және берешектің баланстық құнын түзету қажеттігін растайды)». Осыған байланысты Компания бөлінбеген пайда есебінен берешек сомасының 100% мөлшерінде резерв құрды.

Компания атқару парағын Астана қаласы бойынша сот орындаушыларының өңірлік жеке палатасына мәжбүрлеп орындауға жіберді.

5.8. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Есепті кезеңдегі негізгі құралдар құнының өзгеруі келесідей болды:

	Жер	Ғимараттар мен құрылыстар	Өзге НҚ	Жиыны
01.01.2021 ж. қарай бастапқы құны	6 040	756 693	104 980	867 713
Есепті кезеңде сатып алынды	-	-	8 948	8 948
ОЖ-ны қайта бағалау (ұлғайту)	16 232	800 948	-	817 180
ОЖ-ны қайта бағалау (азайту)	-	(16 391)	(4 972)	(21 363)
Есепті кезеңде шығарылды	-	-	(241)	(241)
31.12.2021 ж. қарай бастапқы құны	22 272	1 541 250	108 715	1 672 237
Есепті кезеңде сатып алынды	-	-	10 029	10 029
ОЖ-ны қайта бағалау (ұлғайту)	-	-	-	0
ОЖ-ны қайта бағалау (азайту)	-	-	-	0
Есепті кезеңде шығарылды	-	-	(6 047)	(6 047)
31.12.2022 ж. қарай бастапқы құны	22 272	1 541 250	112 697	1 676 219
01.01.2021ж. қарай жинақталған амортизация	0	10 432	67 240	77 672
Жылға есептелген амортизация	-	9 575	14 333	23 908
Есепті кезеңде шығарылды	-	-	(4 972)	(4 972)
қайта бағалау (азайту)	-	(16 391)	-	(16 391)
31.12.2021 ж. қарай жинақталған амортизация	0	3 616	76 601	80 217
Жылға есептелген амортизация	-	17 725	8 327	26 052



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

Есепті кезеңде шығарылды	-	-	-	-
қайта бағалау (азайту)	-	-	-	-
31.12.2022 ж. қарай жинақталған амортизация		21 340	84 928	106 268
01.01.2022 ж. қарай баланстық құны	22 272	1 537 634	32 114	1 592 020
31.12.2022 ж. қарай баланстық құны	22 272	1 519 909	27 769	1 569 949

Активы Компании не заложены в качестве обеспечения каких-либо обязательств, не находятся в ответхранении. Имущество Компании не застраховано от рисков случайной гибели. По состоянию на 31.12.2022 года признаки обесценения активов отсутствуют.

Компанияның активтері қандай да бір міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылмаған, жауап беруде жоқ. Компанияның мүлкі кездейсоқ жойылу қаупінен сақтандырылмаған. 31.12.2022 жылғы жағдай бойынша активтердің құнсыздану белгілері жоқ.

5.9. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Есепті кезеңде материалдық емес активтердің болуы мен қозғалысы туралы ақпарат келесі кестеде келтірілген:

	Бағдарламалық қамтылым	Барлығы
01.01.2022 ж. қарай бастапқы құны	39 464	39 464
Түсті	-	-
Шықты	-	-
31.12.2022 ж. қарай бастапқы құны	39 464	39 464
01.01.2022 ж. қарай жинақталған амортизация	(23 444)	(23 444)
Амортизацияны есептеу	(5 384)	(5 384)
31.12.2022 ж. қарай жинақталған амортизация	(28 827)	(28 827)
01.01.2022 ж. қарай баланстық құны	16 021	16 021
31.12.2022 ж. қарай баланстық құны	10 637	10 637

5.10. ӨЗГЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

	31.12.2022	31.12.2021
LEAP лицензиясы (24 мес)	540	1 603
Барлығы:	540	1 603

5.11. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

	31.12.2022	31.12.2021
Жеткізушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді берешегі	3 026	909
Барлығы:	3 026	909

Сауда-саттық кредиторлық берешегі және басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек бастапқы құны бойынша есепке алынады, бұл Компанияның шоттары қойылғанына немесе қойылмағанына қарамастан, алынған тауарлар немесе қызметтер үшін болашақта төленуі тиіс соманың әділ құны болып табылады.

Жеткізушілердің қысқа мерзімді кредиторлық берешегін түсіндіру

№	Контрагент атауы	31.12.2022ж	31.12.2021ж
1	Астана Су Арнасы ШЖҚ ҚКК	42	6
2	KZQSD ЖШС	48	-
3	Бедел-Астана ЖК	-	7
4	Ерман Шахарбаева Н.Б ЖК	-	75
5	Қазақтелеком АҚ	282	-
6	Қазақтелеком Орталық өңірлік дирекциясы	-	6
7	Кәсіпкерлікті дамыту ҚБ	35	-
8	Орталық бағалы қағаздар депозитарийі АҚ	38	-
9	Широв Александр Александрович	2 300	-
10	Астанаэнергосбыт ЖШС	281	210
11	Хасанова С.Ж ЖК	-	605
	Барлығы	3 026	909

5.12. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ БАҒАЛАУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ.

	31.12.2022	31.12.2021
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	38 169	27 972
Барлығы:	38 169	27 972

5.13. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫ

	31.12.2022	31.12.2021
Еңбекке ақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешегі	4	1 249
Барлығы:	4	1 249

Аудиттелетін кезеңде жалақы бойынша шығыстар 1 158 177 мың теңгені құрады, оның ішінде басшы персонал (атқарушы орган) бойынша сыйақылар 2022 жылы 57 506 мың теңгені құрады:



**«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік**

Басшы персоналға төленген жалпы сома өзіндік құн мен әкімшілік шығыстар құрамындағы жылдық жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

5.14. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР.

	<u>31.12.2022</u>	<u>31.12.2021</u>
Кепілдік жарналар	19	666
Салықтар бойынша міндеттемелер	17 844	4 431
Аудармалар бойынша міндеттемелер	182	209
Барлығы:	<u>18 045</u>	<u>5 306</u>

5.15. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	<u>31.12.2022</u>	<u>31.12.2021</u>
Ұзақ мерзімді берешек	-	261 017
Барлығы:	<u>-</u>	<u>261 017</u>

Компания ҚР Ұлттық экономика министрлігі алдындағы ұзақ мерзімді берешегін 13.02.2020 ж. №31-3/40 берешекті өтеу туралы келісімге сәйкес 07.06.2022 жылғы №489 төлем тапсырмасымен өтеді.

5.16. КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	<u>31.12.2022</u>	<u>31.12.2021</u>
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	252 382	250 971
Барлығы:	<u>252 382</u>	<u>250 971</u>



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

	2021ж. көрсеткіштер			2022 ж. көрсеткіштер					Есепті жылдың операциялары	
	Сальдо	Өзге жиынтық кірістің құрамдастары	Бөлінбеген пайда	БЕ көрсеткіштері	СЕ көрсеткіштері	31.12.2022ж (ҚТС ставкасы 20%)	Өзге жиынтық кірістің құрамдастары	Бөлінбеген пайда	Өзге жиынтық кірістің құрамдастары	Бөлінбеген пайда
Кейінге қалдырылған салық активтері:										
Ескірген қорлар бойынша резерв	2 256	-	2 256	8 491	17 741	1 850	-	1 850	-	(406)
Дебиторлық берешек бойынша резерв	-	-	-	456 217	-	-	-	-	-	-
Пайдаланылмаған демалыстарға арналған резервтер	5 594	-	5 594	38 169	-	7 634	-	7 634	-	2 040
Тасымалданатын салық шығындары	3 401	-	3 401	-	-	-	-	-	-	(3 401)
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтердің жиыны	11 251	-	11 251	x	x	9 484	-	9 484	-	(1 767)
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер:										
Қайта бағалаудың салықтық әсері	(209 999)	(209 999)	-	1 039 923	-	(207 985)	(207 985)	-	2 014	-
Ұзақ мерзімді активтер, оның ішінде:	(52 223)	-	(52 223)	534 043	264 636	(53 881)	-	(53 881)	-	(1 658)
2400 шот сальдосы				1 569 950						
2700 шот сальдосы				10 637						
(Салықтық әсерді есепке алмағанда қайта бағалау резервінің сальдосы)				(1 039 923)						
(Амортизацияланбайтын активтердің құны)				(6 621)						
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелердің жиынтығы:	- 262 222	- 209 999	- 52 223	x	x	- 261 866	(207 985)	(53 881)	2 014	(1 658)
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза активтер / (міндеттемелер)	(250 971)	(209 999)	(40 972)	x	x	(252 382)	(207 985)	(44 397)	2 014	(3 426)



**«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік**

5.17. КАПИТАЛ

Компанияның капиталы 100% қалыптасып, келесіні құрайды:

	31.12.2022	31.12.2021
Жарғылық капитал	905 752	905 752
Резервер	831 938	839 994
Бөлінбеген пайда (залал)	35 241	461 082
Жиыны	1 772 931	2 206 828

Жарғылық капитал

Компанияның жалғыз акционері «ҚР Ұлттық экономика министрлігі» ММ болып табылады. 31.12.2022 жылғы жағдай бойынша акционерлік капитал «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сәйкес толық төленді.

31.12.2022 ж. жағдай бойынша акциялар туралы ақпарат:

Шығарылған акциялар саны, дана	905 752
олардың ішінде:	
Жай акциялар	905 752
Жай акцияның номиналды құны	1 000 тенге

Простые акции выпущены и размещены бездокументарным способом, код НИН-KZ1C00006634.

Жай акциялар құжатсыз түрде шығарылды және орналастырылды, НИН коды-KZ1C00006634.

Акцияға шаққандағы пайда көрсеткіші бір жылдағы таза пайда және жыл ішінде орналастырылған қарапайым акциялардың орташа өлшенген саны негізінде есептеледі. Қоғамда сұйылту әсері бар әлеуетті жай акциялар жоқ.

	2022 ж	2021 ж
Таза пайда, мың теңге	57 391	53 046
Жай акциялар саны, дана	905 752	905 752
Акцияға шаққандағы таза пайда (залал), теңге	63	59

Резервтер

	31.12.2022ж	31.12.2021ж
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан Резерв	831 938	839 994
Оның ішінде:		
Қайта бағалау сальдосы	839 994	238 222
Қайта бағалау нәтижесі	-	817 180
Резервтің амортизациясы	(10 070)	(5 410)
Қайта бағалаудың салықтық әсері	2 014	(209 999)
Барлығы	831 938	839 994



**«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік**

Бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын)

	31.12.2022	31.12.2021
Есепті кезеңнің басына қарай сальдо	461 082	416 315
Есепті кезеңнің таза пайдасы	57 391	53 046
Дивиденттерді төлеу	(37 132)	(20 994)
Негізгі құралдарды қайта бағалау	10 070	5 410
Өткен жылдардың қателерін түзету	(456 170)	268
Бағалау міндеттемесін есептен шығарудан түскен пайда	-	7 000
Өзге операциялар	-	38
Есепті кезеңнің аяғына қарай сальдо	35 241	461 082

6. ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ЕСЕП ТАЛДАМАСЫ

6.1. ТҮСІМ

	2022 ж.	2021 ж.
Түсім	1 506 460	1 759 520
Барлығы:	1 506 460	1 759 520

Қызмет түрлері бойынша түсіндірме:

Негізгі қызмет шарттары бойынша кірістер	2022 ж.	2021 ж.
Мемлекеттік тапсырма бойынша жұмыстар мен қызметтер көрсетуден түсетін кірістер	1 114 268	1 612 947
Ғылыми зерттеулер жүргізу (ҚР БҒМ гранттары)	45 007	41 530
Өзге қызметтерді сату	347 185	105 043
Жиыны	1 506 460	1 759 520

6.2. САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

	2022 ж.	2021 ж.
Сатудың өзіндік құны	1 248 912	1 530 672
Барлығы:	1 248 912	1 530 672

Шығыстар баптары бойынша қызметтердің өзіндік құнын түсіндіру:

Шығыстар атауы	2022 ж.	2021 ж.
Консалтинг қызметтері	34 712	372 874
Еңбекке ақы төлеуге шығындар, оның ішінде:	978 108	978 113
<i>Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв</i>	<i>10 196</i>	<i>-</i>
Салықтар мен аударымдар	117 664	103 720
Сақтандыру шығындары	768	520



«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін қаржылық есептілік

Активтердің амортизациясы	29 652	24 882
Иссапар шығындары	23 948	3 481
Ақпараттық қызметтер	12 485	5 492
Аударма қызметтері	13 039	9 643
Активтерді ұстауға және қызмет көрсетуге шығындар	26 170	19 115
Байланыс қызметтері	2 581	2 583
Материалдар	2 977	1 820
Типографиялық қызметтерге шығындар	487	28
Күзет шығындары	3 120	2 614
Біліктілікті көтеру курстары	-	450
Өзге шығыстар	3 201	5 337
Жиыны	1 248 912	1 530 672

6.3. ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

	2022 ж.	2021 ж.
Әкімшілік шығыстар	231 548	223 467
Барлығы:	231 548	223 467

Шығыстар баптары бойынша әкімшілік шығыстарды түсіндіру:

Шығыстар атауы	2022 ж	2021 ж
Еңбекке ақы төлеу	180 070	180 000
Салықтар мен аударымдар	23 799	20 555
Активтерді ұстауға және қызмет көрсетуге шығындар	3 539	3 049
Банк комиссиясы	2 125	2 873
Коммуналдық қызметтер	3 004	2 444
